

**Джанисенова Алия Мейрбековнаның 8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Университеттік білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
АҢДАТПА**

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін реформалау ғылыми әлеуетті арттыру, ғылыми жобаларды коммерциализациялау, инновациялық технологияны енгізу, білім беруді ұйымдастыруда мемлекеттік-жеке әріптестікті қалыптастыру, университеттерге академиялық еркіндік беру жолымен болашақ мамандар даярлауға бағытталады. Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту Концепциясында жоғары білім беруді модернизациялау ХХІ ғасырда жаһандық және пәнаралық күзiреттiлiктер контекстiнде жүзеге асырылады деп көрсетiлген. Экономиканы технологиялық модернизациялау жағдайы елiмiзде әмбебап күзiреттiлiктер жиынтығына ие және жүйелi ойлайтын кадрларды қажет етедi. Бұл, әсiресе, бiлiм беру саласындағы мамандарға қатысты, себебi, көп жағдайда, елiмiздiң әлеуметтiк-экономикалық саясатын реформалаудағы жетiстiктер бiлiм беру қызметiнiң сапасына байланысты анықталады.

Болашақ педагогтардың алдында аса маңызды миссия атқару мiндетi тұр, атап айтқанда, ол – ЖОО қабырғасында жүрген кезеңде кәсiпкерлiк қабiлеттерiн қалыптастыруға қажет жағдай тудырғанда ғана олардың табысты бейiмделулерi мен кәсiби дамуына жол ашатын бәсекеге қабiлеттi, табысты жас ұрпақты дайындау. Қазiргi педагогикалық ЖОО-лардың басты мiндетi – жаңа формациядағы креативтi, озық ойлайтын, белсендi өмiрлiк ұстанымға ие және өзiмен, қоғаммен шығармашылық-жасампаздық қарым-қатынас құра бiлетiн педагогикалық кадрларды сапалы дайындау.

Жоғарыда атап өткендей, кәсiпкерлiк мәдениеттi қалыптастыру студент жастардың арнайы меңгерген мамандығының ерекшелiгiн ескере отырып, табысты түрде әлеуметтендiрудiң аса маңызды мiндеттердiң бiрi болмақ.

Кәсiпкерлiк мәдениет iскерлiк мiнез-құлық кодексi, әдеп және моральдық ережелер, өркениеттi бизнестi құрудағы тәртiп стандарты сияқты қолданыстағы заңнамалар аясындағы субъектiлердiң шаруашылық қызметiн жүзеге асыру әдiстемесiнiң, ұстанымдардың, процедураларының жиынтығы ретiнде қаралады.

Кәсiпкерлiк мәдениет (осы ұғымның кеңейтiлген түсiнiгi бойынша) құрамына материалдық бұйымдармен қатар рухани нысандар, жеке тұлғалық қасиет, әлеуметтiк нормалар мен құндылықтар кiредi.

Зерттеушiлердiң басым бөлiгi кәсiпкерлiк мәдениетке эмоционалды, когнитивтi, мотивациялық, операциялды сапаны, сонымен бiрге әлеуметтiк

мәдени ортада қабылданған нормалар мен сенімдерді интеграциялайтын феномен ретінде қарауға бейім.

Кәсіпкерліктің теориялық, философиялық, тарихи идеялары Н.А. Бердяевтің, С.Н. Булгаковтың, Т.А. Волошинаның, Б.З. Вульфованың, Г.К. Гинсаның, Н. Зарубиннің, В. Зомбарттың, В. Буржуаның, М.С. Каганның, Ш. Майталяның, Р. Муэрстің, С.Г. Струмилиниң, Э.Р. Тагировтің, Е.П. Хорькованың, Р. Чьюнингтің, Эколундтің К., Якоктың Л. және басқалардың еңбектерінде баяндалған.

Маманның, менеджердің, кәсіпкердің, жетекшінің психологиялық портреттері Л.К. Аверченконың, И. Адизестің, А.С. Ахиезердің, О.В. Варфоломееваның, В.Р. Весиннің, Ф. Дэвистің, Н. Иосифовичтің, А.Я. Кибановтің, Р.Л. Крическойдің, Х. Маккейдің, В.И. Петрушиннің, А.М. Сергеевтің, А. Файолидің, Г. Фордтың, Ф. Тейлордың, А.Е. Чирикованың, Г. Эмерсонның және т.б. еңбектерінде сипатталған.

Студент жастардың кәсіпкерлік күзiреттiлiктерiнiң қалыптасу мәселелерiне К.Р. Абдульгамидова, Н.Ф. Анохина, Д.С. Амирян, С.Т. Бектимисова, С.А. Бешенков, Н.И. Городецкий, В.В. Демидов, В.В. Журавлев, В. Любкина, М.Л. Нюшенкова, Т.В. Обухова, М.М. Прусак, И.А. Федоровалардың экономика саласына қатысты диссертациялық зерттеулерінде талдау жасалған.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің қалыптасуының кейбір алғы шарттары мен қалыптасу жолдары М.С. Ашимбаевтың, К.Г. Габдуллиннің еңбектерінде көрініс тапқан, ал бизнес пен этиканың қарым-қатынасы туралы Х. Габитова, Ж. Абуталипов, Н.К. Мамыров, Е.В. Порохов, К.Ж. Аганина, А.Ж. Мурзалинова еңбектерінен кездестіреміз. Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайларда кәсіпкерлік қызметтің педагогикалық, моральдық-этикалық бағыттылығы, кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастырудың қажетті деңгейі оның сапасы мен тиімділігін айтарлықтай өзгертуі мүмкін, соған қарамастан, жоғарыда келтірілген зерттеулерде кәсіпкерліктің психопедагогикалық құрамдас бөлігі жеткілікті ашылған.

Студенттер арасында кәсіпкерлікті қалыптастырудың жалпы мәселелері салыстырмалы түрде алғанда біршама зерттелген деуге болады, ал педагогикалық білім беру бағдарламасы бойынша студенттер арасында кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру бойынша зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады. Бұл кәсіпкерліктің психологиялық-педагогикалық негіздерін зерттеуге және осы қызмет саласында педагогикалық жоо студенттерін кәсіби даярлау жүйесін құрудың тұжырымдамалық тәсілдерін негіздеуге бағытталған арнайы зерттеулердің қажеттілігін өзекті етеді. Педагогикалық білім беру бағдарламасында студенттердің дәстүрлі білім беру үлгілерін ұстануы болашақ мұғалімдерді кәсіпкерлік қызметке дайындаудың заманауи талаптарына қайшы келетінін атап өткен жөн. Білім беру бағдарламаларын, қолданылатын оқыту технологияларын сапалы жаңарту және мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің

басқа ресурстары мен дидактикалық және технологиялық мүмкіндіктерін белсендіру қажет. Осыған орай зерттеуімізде анықталған мәселе болашақ педагогтардың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру мысалында нақтыланады.

ЖОО студенттерінің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру жағдайын талдау нәтижесінде төмендегідей қарама-қайшылықтар анықталды:

- университеттің бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудағы білім беру жүйесіне қазіргі қоғамның жаңартылған талаптары мен түлектердің кәсіби қызметтерін тиімді орындауға қажетті кәсіпкерлік мәдениетінің нақты деңгейі арасында;

- студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі мен оның университеттік ортада қалыптасуына психологиялық-педагогикалық алғышарттардың жетекілікті тұжырымдамалық негізделмеуі арасында;

- білім беру саласының маманы ретінде оның тиімділігін анықтайтын студенттің кәсіпкерлік мәдениетті меңгеруге кәсіби сұранысы мен болашақ мұғалімдердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру моделінің жеткіліксіз әзірленуі арасында;

Анықталған қарама-қайшылықтар университеттің педагогикалық білім беру жүйесінде студенттердің іскерлік мәдениетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын теориялық негіздеу мен практикалық өңдеуден және сәйкесінше жүзеге асырудан тұратын зерттеу мәселелерін тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Біз өз зерттеуімізде университеттің болашақ педагог-студенттерін ЖОО-да даярлаудың өзекті мәселелеріне, ең алдымен, бакалавриат деңгейінде болашақ кәсібилендірудің қайнар көзі ретінде үздіксіз жетілдіріліп отыратын білім беру жүйесінде кәсіпкерлік мәдениетті меңгеру, бәсекеге қабілетті педагогтар ретінде олардың ғылыми қарқындылығын арттыруға мақсатты түрде дайындау мәселелеріне ерекше назар аудардық.

Педагогика ғылымы үшін өзектілігі жағынан да, тәжірибе жағдайы жағынан да бұған негіз жеткілікті. Көрсетілген проблеманы шешу қажеттігі еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын түбегейлі жақсартудың стратегиялық ережелерінде атап көрсеткендей, соңғы уақыттағы бірқатар маңызды мемлекеттік құжаттарда тұжырымдалған нұсқаулар мен міндеттерден туындап отыр.

Объективті жағдайда орын алған мәселенің өзектілігі осы зерттеудің тақырыбын «ЖОО білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру» деп алуға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: университеттік білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыруды теориялық негіздеу және әдістемелік қамтамасыз ету.

Зерттеу нысаны: университеттік білім беру жүйесінде студент жастардың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың кәсіби даярлық процесі.

Зерттеу пәні: ЖОО білім беру жүйесіндегі студенттердің кәсіпкерлік мәдениеті.

Зерттеу болжамы:

- білім беру бағдарламаларының мазмұнына студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған пәндерді енгізуді («Білім беру саласындағы кәсіпкерлік»);

- білім беру саласында кәсіпкерлік қызметтің білім, білік және дағдыларын қалыптастыру үшін шығармашылық білім беру ортасын қамтамасыз етуді;

- студенттердің кәсіпкерлік әлеуетін іске асыратын оқытудың технологияларын, формалары мен әдістерін енгізуді;

- білім беру саласында студенттерді кәсіпкерлік қызметке қосуды қамтамасыз ете отырып, тәжірибеге бағытталған оқытуды ұйымдастыруды;

- оқу және кәсіптік қызметте табысқа жету мотивациясын қалыптастыруды;

- кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға қатысты студенттің субъективті ұстанымының негізі ретінде рефлексияны дамытуды;

- жеке тұлғаның эмоционалды-ерікті өзін-өзі реттеу және күйзеліске төзімділік дағдыларын жетілдіруді жүзеге асырған жағдайда, студент жастардың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру тиімді болады.

Зерттеу міндеттері

1) «Кәсіпкерлік мәдениет» ұғымының мәнін, мазмұнын және құрылымын ашу;

2) студент жастардың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін жасау;

3) ЖОО білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау және олардың тиімділігін эксперименттік түрде тексеру;

4) ЖОО білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру бағдарламасын әзірлеу және сынақтан өткізу.

Зерттеудің жетекші идеясы: студенттердің кәсіпкерлік мәдениеті тұлғаның интегративті қасиеті ретінде рефлексивті-зерттеу тәсілі бойынша өзінің педагогикалық іс-әрекетінің мәнін түсінуге бағытталған.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері: «мәдениет», «кәсіпкерлік мәдениет» ұғымдардың мәнін ашатын философиялық концепциялар, сонымен қатар кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық, экономикалық еңбектерді зерделеу, ой елегінен өткізу және жалпылау; құзыреттілік, тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр; жүйелі-тұтас педагогикалық процестің теориясы; аксиологиялық және рефлексиялық көзқарас тұғыр теориялары.

Зерттеу көздері: ресми мемлекеттік құжаттар, философтардың, психологтардың, педагогтардың, экономистердің зерттеу мәселесі бойынша

ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы», «ҚР білім туралы» Заңы, «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» нормативтік құжаттары, ғылыми-педагогикалық мерзімді басылымдар.

Зерттеу әдістері

1) психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу (негізгі ұғымдарды категориялық, терминологиялық және мазмұндық талдау, құрылымдық-функционалдық талдау);

2) жоғары оқу орындарының педагогикалық тәжірибесін жалпылау;

3) психологиялық-педагогикалық эксперимент;

4) эмпирикалық әдістердің жиынтығы: сұрақ қою, сұрау, тестілеу, математикалық статистика әдістері.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2018-2019 ж.ж.) студент жастардың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру мәселелері, кәсіпкерлік қызметтегі отандық және шетелдік тәжірибе зерттелді, тұжырымдамасы қалыптастырылды және оның негізінде студенттерді кәсіпкерлік мәдениетке үйрету үдерісін моделдеу жүзеге асырылды, болжам негізделді.

Екінші кезеңде (2019-2021 ж.ж.) студенттерді дайындауға арналған университеттің білім беру стандарттарының талаптарын салыстырмалы талдау негізінде оқуды ұйымдастырудың тұжырымдамалық аппараты, әдісі мен әдістемесі әзірленді; мақсаттары, басым міндеттері, іс-әрекеттер мен қарым-қатынастардың мазмұны, кәсіпкерлерді оқыту мен даярлаудың әрбір анықталған кезеңдерін бағалау критерийлері нақтыланды; білім беру саласындағы болашақ мамандардың кәсіпкерлік мәдениетінің мазмұны мен құрылымы анықталды; педагогикалық мамандықтар бойынша екінші курс студенттерін іріктеу негізінде тұжырымдау эксперименті жүргізілді.

Үшінші кезеңде (2021-2023 ж.ж.) студенттер арасында кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық жүйесі әзірленді; қалыптастырушы және бақылау эксперименттері жүргізілді, алынған нәтижелерді талдау және жалпылау, кәсіптік (педагогикалық) және арнайы (бизнес) білім мазмұнын интеграциялаудың принциптері мен шарттарын негіздеу және диссертациялық зерттеуді жобалау аяқталды, қорытындылар мен ұсыныстар жасалды.

Зерттеу базасы: негізгі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің базасында жүргізілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы төмендегідей:

- «болашақ мұғалімдердің кәсіпкерлік мәдениеті» ұғымының мәні, мазмұны және құрылымы ашылды;

- студент жастардың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;

- университеттік білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары мен практикалық жолдары анықталып, олардың тиімділігі эксперименталды түрде тексерілді;

- университеттік білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар тұжырымдалды.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігі мәселені шешуге біртұтас көзқараспен, зерттеу мазмұнының оның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігімен, жұмыстың жетекші ережелерін негіздеуде әдістемелік тәсілдерге сүйенумен, гуманитарлық зерттеу сипаты, педагогикалық, психологиялық әдебиеттердің алуан түрлі көздері, теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерінің сәйкес үйлесімі, эксперименталды деректердің репрезентативтілігімен қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің практикалық маңызы. Зерттеуде қамтылған теориялық ережелер мен қорытындылар білім беру мазмұнын құруға арналған жаңартудың төмендегі алғы шарттарын жасайды:

- болашақ мұғалімнің кәсіпкерлік тұлғасының өзін-өзі жүзеге асыру негіздерін қалыптастыруға арналған психологиялық-педагогикалық бағдарлама;
- «Білім беру саласындағы кәсіпкерлік» жаңа элективті курсы;
- зерттелген сапа қалыптастырудың диагностикалық құралдарының бағдарламалары;

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы.

Зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелері «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының бағыты бойынша ғылыми-әдістемелік семинарларда, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Сыни және шығармашылық ойлау» семинарында, сондай-ақ Варна университетінің «Педагогика» факультетінде ғылыми тағылымдамадан өту кезінде (Варна қ., Болгария) тыңдалып, талқыланды.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің мазмұны 16 ғылыми басылымда жарияланған. Оның 1-і Scopus библиографиялық-рефераттық деректер базасына енгізілген журналда (процентиль 50 %, Білім беру бағыты бойынша, DOI: 10.18421/ТЕМ101-58), 4-і Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету Комитеті ұсынған баспа басылымдарында, 4-і мерзімді басылымдарда, 1-і әдістемелік құрал (Университеттік білім беру жүйесінде студент жастардың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру), 6 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында:

1. Джанисенова А.М. Формирование предпринимательской культуры у студентов университета / А.М. Джанисенова // Материалы международной

научно-практической конференции «I Международные Есеновские чтения». – 2018. – Т.1. -С. 57-59

2. Калиева Э.И. Студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру / Э.И. Калиева, А.М. Джанисенова // Материалы XI международной научно-практической конференции «Инновации в образовании: ориентиры и тенденции». – 2019. - С. 118-124.

3. Kaliyeva E.I. The formation of entrepreneurial culture of student youth in a modern higher education institution / E.I. Kaliyeva, A.M. Janissenova // Материалы XVIII международной научной конференции «Приложна психология и социална практика». – 2019. - Р.407-417.

4. Калиева Э.И. Предпринимательская культура личности / Э.И. Калиева, А.М. Джанисенова // Материалы международного форума «Университет – ой пікірлер аймағы Yessenov Forum». – 2019. - С. 117-121.

5. Калиева Э.И. Формирование предпринимательской культуры студентов – важная задача предпринимательского университета / Э.И. Калиева, А.М. Джанисенова // Материалы VIII международной научно-практической конференции «Инновационный менеджмент и технологии в эпоху глобализации». – 2021. - С. 100-107.

6. Калиева Э.И. Центр трансфера технологий – фактор развития предпринимательской экосистемы университета / Э.И. Калиева, А.М. Джанисенова // Материалы международной научно-практической онлайн конференции «Современные технологии в науке и образовании». – 2021. - С. 25-28.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Болашақ педагогтің кәсіпкерлік мәдениеті – білім беру саласындағы кәсіпкерлік қызметке дайындықты қамтамасыз ететін құндылық-мотивациялық, когнитивті, эмоционалды-ерікті және мінез-құлық компоненттерін қамтитын жеке тұлғаның интегративті сапасы болып табылады;

2. Болашақ педагогтың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мақсатты, мазмұндық, процедуралық және бағалауыштық-тиімділік тәрізді бірнеше блоктар жүйесінен тұрады.

Мақсатты блок дегеніміз әлеуметтік тапсырысты – студенттер мен мамандарға (білім беру саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға дайын маман) қойылатын заманауи талаптар мен мақсатты (студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру) – көрсетеді.

Мазмұндық блок ЖОО студенттерінің оқу іс-әрекетін өзін-өзі ұйымдастырудың құрамдас бөліктерін (құндылық-мотивациялық, танымдық, эмоционалды-еріктік, мінез-құлық) және олардың көрсеткіштерін ашады.

Процессуалды блокта студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың тәсілдері, жұмыс істеу принциптері, психологиялық-педагогикалық шарттары мен кезеңдері беріледі.

Бағалау-өнім блогы оқушылардың оқу іс-әрекетін (интуитивтік, нормативті, белсенді, шығармашылық) өзін-өзі ұйымдастырудың даму деңгейлерін анықтайды. Модельді жүзеге асыру нәтижесі студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың жоғары деңгейіне жеткен студент болып табылады.

3. Университеттік білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру құрамдас бөліктерді (құндылық-мотивациялық, когнитивті, эмоционалды-ерікті, мінез-құлық) қамтитын үлгіге сәйкес кезеңдері (түсіну, хабардар ету, жүзеге асыру,) критерийлері, интуитивтік, нормативті, белсенді және шығармашылық деңгейлері жүзеге асырылады.

4. Университеттік білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру үшін келесі психологиялық-педагогикалық шарттарды жүзеге асыру қажет:

- кәсіпкерлік қызметтің білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға бағытталған пәндерді білім беру бағдарламаларының мазмұнына енгізу;

- шығармашылық білім беру ортасын құру;

- білім алушылардың кәсіпкерлік әлеуетін іске асыратын технологияларды, білім беру нысандары мен әдістерін (белсенді, интерактивті, цифрлық, жобалық) енгізу;

- практикаға бағытталған оқытуды ұйымдастыру, білім алушыларды білім беру саласындағы кәсіпкерлік қызметке қосуды қамтамасыз ету;

- табысқа қол жеткізу мотивациясын қалыптастыру;

- кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға қатысты студенттің субъективті ұстанымының негізі ретінде рефлексияны қалыптастыру;

- эмоционалды-ерікті өзін-өзі реттеу және күйзеліске төзімділік дағдыларын жетілдіру.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы: диссертацияның мазмұны кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттелетін мәселенің өзектілігінің негіздемесі келтіріліп, мақсаты, нысаны, пәні, болжамы, зерттеу міндеттері, оның әдіснамалық негіздері, әдістері мен тұжырымдамасы айқындалады, зерттеудің қорғауға ұсынылатын ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы ашылады.

«ЖОО білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда университеттік білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру мәселесі өзектелді. Болашақ педагогтардың кәсіпкерлік мәдениетінің мәні, құрылымы мен мазмұны ашылды. «Болашақ педагогтардың кәсіпкерлік мәдениеті» ұғымына анықтама берілді. Зерттелетін сапаның қалыптасу өлшемдері мен деңгейлері айқындалып көрсетілді. ЖОО білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың психологиялық-

педагогикалық шарттары анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі негізделді.

«Университеттік білім беру жүйесінде студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру бойынша эксперименттік жұмыс» атты екінші тарауда зерттеу пәнінің психологиялық-педагогикалық диагностикасы жүзеге асырылды. Жасалған модельдің тиімділігі дәлелденді және алынған талдау нәтижелері мен оларды статистикалық өңдеу арқылы зерттеу болжамы расталды.

Қорытындыда зерттеу нәтижелеріне негізделген жалпы қорытындылар, ұсынымдар қамтылып, осы мәселені одан әрі зерттеудің келешегі көрсетілді.

Қосымшаларда эксперименттік жұмыс материалдары ұсынылды.